



Funded by the EU

Баспасөз хабарламасы

26 сәуірде тарату үшін

Алматының билік органдары мен тұрғындары қалалық ортаны дамыту бойынша идеяларын бөлісті

26 сәуірде Алматыда «БізАлматы» жобасының «Алматының жалпы бас жоспарын әзірлеу» тақырыбындағы төртінші форумы өтті. Форумды Британдық Кеңес, «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ, Қазақстан-Британ техникалық университеті және Алматы қаласының әкімдігі Еуропалық Одақтың 430 мың еуро мөлшеріндегі қаржылық қолдауымен іске асырылатын «БізАлматы» жобасының шеңберінде ұйымдастырған.

Форум Бас жоспардың, яғни қалалық ортаны дамытуды қамтитын қаланың жаңа құрылымдық-функциялық үлгісінің шеңберінде қаланы дамытудың көкейкесті ортақ көрінісін қалыптастыру үшін мемлекеттік құрылымдардың және Алматы қаласының тұрғындарының арасында сұхбат құру мақсатында өткізілді.

Сондай-ақ осы іс-шараның барысында «БізАлматы» жобалар конкурсының жеңімпаздары жарияланды. Конкурс 2017 жылғы қарашада Алматы қаласын орнықты дамытуға арналған әлеуметтік және экономикалық жобаларға бастамашы болуға және іске асыруға қаланың тұрғындарын тарту мақсатында жарияланған болатын. Конкурстың шеңберінде 130-ден астам өтінім түсті. Жеңімпаздардың әрқайсысы өздерінің жобаларын іске асыру үшін Еуропалық Одақтан 5000 еуроға дейін алды. Жобалар конкурсының жеңімпаздарына марапаттарды тапсыра отырып, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы Өкілдігінің Басшысы Траян Христеев мырза «Еуропалық Одақ қоғамдық ұйымдардың да, сондай-ақ жергілікті биліктің де жұмысының маңыздылығын әрқашан да бағалап, оларға ақылға қонымды қолдау көрсетіп келді. Мұның себебі – даму бойынша орталықтандырылған әкімшілік бағдарламалары мен саясаттары тұрақты дамудың барлық күрделі мәселелерін өз беттерімен шеше алмайды, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен жергілікті билік органдарының өздері де даму үдерісінде маңызды рөл атқарады, өйткені олар кез келген демократияның елеулі әрі ажырамас бөлігі болып табылады. «БізАлматы» жобасы бес институционалдық реформаны іске асыру бойынша «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарымен тығыз байланысты, себебі 97-қадамда «өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуді» көзделеді.

«БізАлматы» жобалар конкурсының жеңімпаздар тізімі:

№	Аты	Проектісі
1	Жанар Самбетова	Көгалдандыру мектебі
2	Рахим Айбек	Tazalyk
3	Вероника Насальская, Вячеслав Истюфеев	Қалалық Саунд-арт зертханасы
4	Асия Тулесова	«Мейірімді тоқыма» ЖК
5	Сергей Васильев	Алматы қаласының Қарасу ықшам ауданында экологиялық қоғамдастықты дамыту және «ақылды» қоғамдық кеңістік құру





Funded by the EU

Форумға қатысушылар Бас жоспарды жақсарту бойынша идеяларын бөлісті және Алматыны халықтың түрлі топтары, соның ішінде, арбадағы кішкентай балалары бар аналар, кемтар жандар, велосипедшілер, қарт адамдар мен студенттер үшін қалай ыңғайлы әрі қолайлы етуге болатыны жөнінде ұсыныстамаларын берді. Жергілікті билік органдарының өкілдері әзірлену үстіндегі Бас жоспардың тұжырымының негізгі қырлары туралы және осы бағыттағы келешек жұмыс жоспарлары туралы айтып берді.

Бас жоспар – қаланың жаңа құрылымдық-функциялық үлгісі, онда қалалық орта мен көлік инфрақұрылымын дамыту, жаңа өнеркәсіп аймақтарын құру, тоқыраудағы аумақтарды дамыту, жаңа тұрғын үй құрылысының мәселелері, коммерциялық жылжымайтын мүлік нысандарын орналастыру, экологияны жақсарту және көптеген басқа мәселелер қамтылуы мүмкін. Алматының Бас жоспарында қаланың тарихи орталығының шекараларын айқындауға маңызды орын беріледі. Бас жоспар – тек стратегиялық құрал ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарымен, іскерлік қауымдармен және аймақтық билік орындарымен араласу құралы. Ол қаланы дамытудың негізгі қырларын түсінікті әрі көрнекі түрде бейнелеп, жоғарыда аталған мүдделі тараптардың назарына жеткізуге мүмкіндік береді..

«БізАлматы» жобасы туралы қосымша ақпарат алуға арналған байланыс деректері:

Елена Сим

Эл.мекенжай: elena.sim@kz.britishcouncil.org

Тел.: +7 701 765 05 10

Эльнара Байназарова

Қазақстандағы ЕО Өкілдігінің баспасөз хатшысы

Elnara.BAINAZAROVA@eeas.europa.eu





Funded by the EU

Анықтамалық ақпарат:

«БізАлматы» жобасы 2017 жылғы сәуірде басталды. Бастаманың мақсаты – Алматы қаласын өмір сүру және жұмыс істеу үшін жайлы «ақылды» қала ретінде дамытуды қолдау. Жоба үш жылға шақталған, оның жұмысы қоғамдық ұйымдар мен жергілікті билік органдарының қала экономикасын дамытуға азаматтарды тарту және әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау бойынша әлеуетін арттыруға бағытталған.

Еуропалық Одақ өз білімдерін, ресурстарын және тағдырларын біріктірген 28 мүше-мемлекеттердің тұрады. Мәдени түрлілігін, төзімділік пен жеке бостандығын сақтай отырып, 60 жылдық кеңею үрдісі барысында олар тұрақтылық, демократия және тұрақты даму аймағын құрды. Еуропалық Одақ шекарасынан тыс елдер және халықтармен өз жетістіктері мен құндылықтарымен бөлісуге ұмтылады.

British Council (British Council) - Біріккен Корольдігінің халықаралық ұйымы, мәдени қарым-қатынастар және білім беру мүмкіндіктері саласындағы жұмыс істейді. Біз ынтымақтастық құру үшін достық атмосферасын құру және Ұлыбритания және басқа да елдердің арасындағы өзара түсіністікті нығайту ықпал етеміз. Біз қарым-қатынас орнату және сенімді даму, Ұлыбритания және басқа да елдердің дамуына оң үлес қосамыз және мүмкіндіктер құру, адамдар өмірін жақсы жағына өзгертуге тырысамыз. Біз мәдениет және өнер, ағылшын тілі, білім беру және азаматтық қоғамды дамыту саласындағы бүкіл әлемде 100-ден астам елінде жұмыс істейміз. Жыл сайын біз онлайн арналар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы 20 миллионнан астам адам мен 500-ден астам миллион адамдарсен жұмыс жасаймыз. Біз Корольдің Жарғысымен 1934 жылы құрылған Біріккен Корольдігінің қайырымдылық ұйымы, сондай-ақ Біріккен Корольдігінің мемлекеттік органы болып табыламыз. Біздің табысымыздың көпшілігі ағылшын тілін оқыту және емтихан бойынша жобалар мен бірқатар келісім-шарттар арқылы келеді; білім беру және даму жобаларын жүзеге асыруға арналған шарттар, сондай-ақ мемлекеттік және жеке кәсіпорындармен әріптестік. Біздің қаржыландырудың он сегіз пайызы Ұлыбритания үкіметінің шығады.

Қазақстан-Британ техникалық университеті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қамқорлығымен Қазақстан мен Ұлыбритания арасындағы бірлескен жоба ретінде 2001 жылы құрылды. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде, ҚБТУ «Алматы қаласын дамыту орталығы» және Алматы әкімдігімен бірлесе, Алматы қаласының зияткерлік даму жобасында қатысуда. ҚБТУ өзін Алматы қаласының серіктесі ретінде таныту мақсатында, қаланың зияткерлік дамуына белсенді үлесін қосуға ұмтылады. Алматы қаласының зияткерлік даму жобасының аясындағы қарым қатынас және диалог алаңының мазмұнын құрып, оны желіге орналастыруды қамтамасыз ету ҚБТУдың осы жобаға қосатын негізгі үлесі болып табылады.

АҚ «Алматы қаласы дамыту орталығы» халықаралық рейтингте және Алматы көрсеткіштерінің мониторингін өткізеді, сондай-ақ «Smart Алматы» жобасы, оның ішінде инновациялық жобаларды, ғылыми-зерттеу, әзірлеу және іске асыру. Орталықтың маңызды аспектісі қала құрылысы саласындағы жобаларды және қызметті жүзеге асыру болып табылады. Сонымен қатар, ол сондай-ақ консалтингтік және Алматы қаласы әкімдігі мен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын талдау қатысуымен ұйымдарда корпоративтік басқару принциптерін енгізу әдістемелік қолдау үшін жауапты болып табылады.



KAZAKH KBTU BRITISH
T E C H N I C A L
U N I V E R S I T Y

BRITISH
COUNCIL

